

Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмекті дамыту жөніндегі 2019 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 10 маусымдағы № 103-ө өкімі.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмекті дамыту жөніндегі 2019 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспарды орындауға жауапты Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдары, өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын 25 маусымға және 25 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпаратты ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жыл сайын, тиісті жылдың 25 шілдесіне және 25 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты ұсынсын.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Н. Әбдіқалықоваға жүктелсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2019 жылғы 10 маусымдағы
№ 103 өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмекті дамыту жөніндегі 2019 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

р/с №	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көзі	Болжамды шығыстар, мың теңге
1	2	3	4	5	6	7
1. Медициналық-санитариялық алғашқы көмектің қолжетімділігін арттыру						
					067 "Тегін медициналық	

1.	МСАК дәрігеріне бекітілген халықтың санын төмендетуді қамтамасыз ету : ЖПД – 1700 адамға дейін (ересектер мен балалар); учаскелік терапевт – ересек 2 200 адамға дейін; учаскелік педиатр – 6 жасқа дейінгі балалар 500 адамға дейін	ЖАО жол карталары	ЖАО	2019 жылғы желтоқсан	көмектің кепілдік берілген көмек көлемін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде	көзделген қаражат шегінде
					ЖБ	көзделген қаражат шегінде
2.	Аудан орталығынан шалғайдағы елді мекенде тұратын ауыл халқының кемінде 14 %-ын қамти отырып, уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес ЖМК қызметтерімен халықты қамтамасыз ету (ауыл халқының жалпы санының пайызы)	ө н і м берушілермен шарт	республикалық маңызы бар қалаларды және астананы қоспағанда ЖАО, "ӘлМСҚ" КеАҚ (келісу бойынша)	ж ы л сайын	067 "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде	2019 жыл – 1 404 545 мың теңге; 2020 жыл -1 404 545 мың теңге
3.	Теміржол станциялары бар кемінде 190 елді мекенді қамти отырып, уәкілетті орган бекіткен көрсетілетін қызметтер тізбесіне сәйкес халықты теміржол көлігіндегі (медициналық пойыздар) медициналық көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету	ө н і м берушілермен шарт	республикалық маңызы бар қалаларды және астананы қоспағанда ЖАО, "ӘлМСҚ" КеАҚ, "ҚТЖ" АҚ (келісу бойынша)	ж ы л сайын	067 "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде	2019 жыл – 229 653 мың теңге ; 2020 жыл – 229 653 мың теңге
2. МСАК ұйымдарының инфрақұрылымы және жаңартандыру						

						көзделген
4.	2025 жылға дейін денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарларына сәйкес ғимараттардың құрылысы, күрделі жөндеу, тұрғын үйлердің бірінші қабаттарын бейімдеу (жобалау кезеңдерін қоса алғанды), жалға алу және т. б. жолымен кемінде 300 жаңа МСАК объектісін: Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларына іргелес аудандарда; "Ауыл – Ел бесігі" арнайы жобасын ескере отырып, ауылдық елді мекендерде ашу	денсаулық сақтау инфрақұрылымын	ЖАО	2020 жылғы желтоқсан	Ж Б , МЖӘ	

						қаражат шегінде
5.	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 281 бұйрығымен бекітілген МСАК көрсету қағидаларына сәйкес қызметтерді көрсету үшін МСАК объектілерін медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету	ДСМ-ге ақпарат	ЖАО	2020 жылғы желтоқсан	ЖБ	көзделген қаражат шегінде
6.	Ауылдық елді мекендердегі денсаулық сақтау ұйымдарын 10 мың және одан аз тұрғынға шаққанда бір санитариялық автокөліктің есебінен санитариялық автокөлікпен жасақтау	қаржы лизингі шарты	ЖАО	2020 жылғы желтоқсан	ЖБ лизинг (санитариялық автокөлікті сатып алу), РБ (лизингтік төлемдерді өтеу)	көзделген қаражат шегінде көзделген қаражат шегінде
3. Денсаулық сақтаудағы адами капиталды дамыту						
7.	Меншік нысанына қарамастан, кенттерде, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларда ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қызметтер көрсететін МСАК денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық ЖОО-лардың жас мамандарының міндетті жұмыспен өтеу бөлігінде "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мәселесін қарау	Заң жобасының тұжырымдамасы	ДСМ, БҒМ, ҰЭМ, Қаржымині	2019 жылғы қазан	-	талап етілмейді
8.	Ауылдық елді мекендерге, аудандық және облыстық маңызы бар кенттерге, қалаларға жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау саласындағы жас мамандарды міндетті әлеуметтік қолдау бөлігінде "Халық денсаулығы және	Заң жобасының тұжырымдамасы	ДСМ, ҰЭМ, Қаржымині		-	талап етілмейді

	денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мәселесін қарау			2019 жылғы қазан		
9.	"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы №183 қаулысына сәйкес ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге келген медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларымен қамтамасыз етуді 100 %-ға дейін жеткізу	ДСМ - ге ақпарат	республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоспағанда, ЖАО	жыл сайын	ЖБ	көзделген қаражат шегінде
10.	"Өңірлер бөлінісінде медициналық-санитариялық алғашқы көмектің қолжетімділігін арттыру бойынша шаралар кешенін іске асыру туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 716 бұйрығына сәйкес 2019 жылғы 1 тамызға дейін ауруларды басқару бағдарламаларын және патронаждың әмбебап-прогрессивті моделін енгізу бойынша кемінде 34 000 МСАК маманын оқыту	ДСМ-ге ақпарат	ЖАО	2019 жылғы шілде	067 "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде	көзделген қаражат шегінде
					ЖБ	көзделген қаражат шегінде
4. Денсаулық сақтау саласын цифрландыру						
	Меншік нысанына қарамастан, ауылдардағы, кенттерде, ауылдық округтердегі МСАК		республикалық маңызы бар қалалар мен		ЖБ	көзделген қаражат шегінде

11	объектілерін компьютерлік техникамен, интернет желісіне және МАЖ-ға қол жеткізумен қамтамасыз ету	ДСМ-ге ақпарат	астананы қоспағанда, ЖАО	2020 жылғы желтоқсан	жекеше инвестициялар	
12	Медициналық ұйымдардың медициналық құжаттаманы электрондық нысанда қағазсыз жүргізуді қамтамасыз ету	ДСМ-ге ақпарат	ЖАО	2020 жылғы желтоқсан	-	талап етілмейді

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БҒМ	– Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ДСМ	– Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
ЖАО	– облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары
ЖБ	– жергілікті бюджет
ЖОО	– жоғарғы оқу орны
ЖМК	– жылжымалы медициналық кешендер
ЖПД	– жалпы практика дәрігері
Қаржымині	– Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
"ҚТЖ" АҚ	– "Қазақстан темір жолы" акционерлік қоғамы
МАЖ	– медициналық ақпараттық жүйелер
МӘМС	– міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру
"ӘлМСҚ"	– "Медициналық әлеуметтік сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
КеАҚ	
МЖӘ	– мемлекеттік-жекешелік әріптестік
МСАК	– медициналық-санитариялық алғашқы көмек
РБ	– республикалық бюджет
ТМККК	– тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі
ҰЭМ	- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі